

Букетова, Республика Казахстан, 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28, тел.: +7-771-312-73-68, e-mail: mukusheva8sb@gmail.com, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2757-5739>.

Алшынбаева Жулдыз Елдосовна – PhD, ассоциированный профессор кафедры дошкольной и психолого-педагогической подготовки, Карагандинский университет им. академика Е.А. Букетова, Республика Казахстан, 100028, г. Караганда, ул. Университетская, 28, тел.: +7-701-648-78-09, e-mail: zhuldyz_eldosovna@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-1760-843X>.

Autayeva Inkar* – Master of Pedagogical Sciences, PhD student, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028, Karaganda, 28 Universitetskaya Str., tel.: +7-708-907-59-75, e-mail: i19021930@gmail.com, <https://orcid.org/0009-0000-8846-8713>.

Karmanova Zhanat Alyssovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028, Karaganda, 28 Universitetskaya Str., tel.: +7-700-302-63-27, e-mail: karmanovazh@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0001-5077-8345>.

Mukusheva Saltanat Bulatovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Assistant to the Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028, Karaganda, 28 Universitetskaya Str., tel.: +7-771-312-73-68, e-mail: mukusheva8sb@gmail.com, <https://orcid.org/0000-0003-2757-5739>.

Alshynbayeva Zhuldyz Yeldosovna – PhD, Associate Professor of the Department of preschool and psychological-pedagogical training, Karaganda Buketov University, Republic of Kazakhstan, 100028, Karaganda, 28 Universitetskaya Str., tel.: +7-701-648-78-09, e-mail: zhuldyz_eldosovna@mail.ru, <https://orcid.org/0000-0002-1760-843X>.

XFTAP 14.35.09

ӨОЖ 78(07508)

https://doi.org/10.52269/22266070_2025_1_281

ПЕДАГОГ-МУЗЫКАНТТЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНИКАСЫНЫҢ ВЕРБАЛЬДЫҚ ЖӘНЕ ВЕРБАЛЬДЫҚ ЕМЕС ҚҰРАЛДАРЫ

Ахметова А.Қ. – педагогика ғылымдарының кандидаты, Музыка, кәсіптік оқыту және дизайн кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Орталық Азия Инновациялық университеті, Шымкент қ., Қазақстан Республикасы.

Нарикбаева Л.М. – педагогика ғылымдарының докторы, Музыкалық білім және хореография кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан Республикасы.

Жақаева С.Ә.* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Өнер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Айсина С.Т. – педагогика магистрі, Өнер кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Мақалада педагог-музыканттың педагогикалық техникасының бір компоненті – вербальдық және вербальдық емес құралдарын жоғары оқу орындарының оқу үрдісінде аса мән бере қарастыру көзделген. Осы тұста «педагогикалық техника», «вербальдық және вербальдық емес» деген ұғымдар төңірегінде білім алушылар деңгейлері тексерілді. Бұл проблеманы білім алушылардың тыңғылықты меңгермегенін анықтай отырып, ғылыми зерттеулерді талдай отырып, теориялық мағлұматтар беру көзделді. Яғни білім алушыларға қарастырылып отырған проблема бойынша теориялық білім беру мақсатында қысқаша вербальдық (сөйлеу) және вербальдық емес (мимика, жестикация, пантомимика, дауыстар сапалары, интонация, тембр, сөйлеу қарқыны, паузалар) сияқты қарым-қатынас құралдары жайлы мағлұматтар берілді. Содан соң студенттерге сапалы білім беру мақсатында қарастырылған материалдар негізінде семинар ұйымдастырылып, көзделген мәселе бойынша талқылау жүргізілді. Талқылау кезінде баяндамалар дайындап, оқыған студенттердің жіберген кемшіліктері анықталды. Тыңдап отырған білім алушылар өз тараптарынан ойларын анық және тереңірек жеткізе отырып, толықтырды. Зерттеу барысында студенттермен бақылау, сұрақтар қою, сұхбат, ауызша талдау сияқты әдістер қолданылды. Бұл зерттеу жұмысында болашақ музыка мұғалімдері вербальдық және вербальдық емес құралдарды пайдаланудың әдістері мен тәсілдері негізінде өзіндік зерттеу нәтижелерін ұсынылды.

Түйінді сөздер: пластика, жест, мимика, вербальдық, вербальдық емес, педагогикалық техника.

ВЕРБАЛЬНЫЕ И НЕВЕРБАЛЬНЫЕ СРЕДСТВА ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ТЕХНИКИ ПЕДАГОГА-МУЗЫКАНТА

Ахметова А.К. – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры Музыка, профобучение и дизайн, Центрально-Азиатский Инновационный университет, г. Шымкент, Республика Казахстан.

Нарикбаева Л.М. – доктор педагогических наук, профессор кафедры Музыкальное образование и хореография, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы, Республика Казахстан.

Жақаева С.А.* – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры искусств, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

Айсина С.Т. – магистр педагогики, старший преподаватель кафедры искусств, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан.

В статье особое внимание уделяется одному из важных компонентов педагогической техники педагога-музыканта – вербальным и невербальным средствам в процессе обучения. В ходе исследования были проверены уровни усвоения обучающимися понятий «педагогическая техника», «вербальная и невербальная коммуникация». Было предусмотрено предоставление теоретических данных с анализом научных исследований, выявивших недостаточное понимание данной проблемы. В целях теоретической подготовки обучающимся были даны краткие сведения о средствах общения, включая вербальные (речь) и невербальные (мимика, жестикация, пантомимика, качество голоса, интонация, тембр, темп речи, паузы). Для более глубокого освоения материала был организован семинар и проведено обсуждение по предусмотренному вопросу. В ходе обсуждения были выявлены недостатки, допущенные студентами, подготовившими доклады. После анализа ошибок слушатели (обучающиеся) со своей стороны смогли четко, ясно и осознанно сформулировать свои мысли. Также в ходе исследования со студентами применялись такие методы, как наблюдение, вопросы, интервью, устный анализ. В этой работе будущие учителя музыки представили результаты собственного исследования на основе методов и приемов использования вербальных и невербальных средств.

Ключевые слова: пластика, жест, мимика, вербальное, невербальное, педагогическая техника.

VERBAL AND NON-VERBAL MEANS OF PEDAGOGICAL TECHNIQUE OF A MUSIC TEACHER

Akhmetova A.K. – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of music, vocational training and design, Central Asian Innovation University, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

Narikbayeva L.M. – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of musical education and choreography, Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Zhakayeva S.A.* – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of arts, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

Aissina S.T. – Master of Pedagogy, Senior Lecturer of the Department of arts, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Kostanay, Republic of Kazakhstan.

The article focuses on one of the important components of a music teacher's pedagogical technique – verbal and non-verbal means in the learning process. The study examined the levels of students' understanding the concepts of "pedagogical technique," "verbal and non-verbal communication." The provision of theoretical data was planned, including an analysis of scientific research that revealed insufficient comprehension of this issue. For classroom training, students were given brief information about communication tools, including verbal (speech) and non-verbal (facial expressions, gestures, pantomime, voice quality, intonation, timbre, speech tempo, pauses). To ensure a deeper understanding of the material, a seminar was organized, and a discussion was held on the designated topic. During the discussion, deficiencies in the students' reports were identified. After analyzing the deficiencies, the students were able to clearly, precisely, and consciously put their thoughts into words. Additionally, the study employed methods such as observation, surveys, interviews, and oral analysis. Future music teachers presented their research findings using various methods and techniques that incorporated both verbal and non-verbal communication tools.

Key words: body mobility, gesture, mimicry, verbal, non-verbal, pedagogical technique.

Кіріспе. Зерттеушілердің «педагогикалық техника» ұғымын анықтау барысында көптеген айырмашылықтардың барлығына қарамастан, оның мәні мен мазмұндық негізін түсіндіруде барынша көзқарастардың салыстырмалы бірлігі байқалады, сонымен қатар оның құрамына вербальдық (сөйлеу) және невербальдық емес (мимика, жестикация, пантомимика, дауыстар сапалары және т.б.) қарым-қатынас құралдары жатқызылады (О.А. Абдуллин, А.С. Макаренко, Г.И. Щукина, Э.А. Гришин, В.А. Слостенин, Ю.И. Турчанинова және т.б.). Осы теориялық база біздің зерттеуіміздің негізі болып саналады, бұл тұста сөйлеу, мимикалық және пантомимиялық тәсілдерге, сондай-ақ музыка мұғалімінің жестикациясына ерекше көңіл бөлінеді. Бұл элементтер педагогикалық техникада маңызды мәнге ие, себебі аса қажетті деп саналатын коммуникативтік, әртістік, өзін-өзі реттеу және басқа да іскерліктерді қалыптастыруға ықпал етеді.

Өз тарапымыздан мамандардың педагогикалық техникасын шеңберіндегі музыка мұғалімінің педагогикалық қарым-қатынасына келер болсақ, біз мәнерліліктің, әртістіктің және музыкалық қабілеттердің педагогикалық іс-әрекетті жүзеге асыруға ықпал ететін дамудың күрделі, көп қырлы процесін білдіретінін, өз кезегінде, бұл педагог-музыканттың таланты мен жеке даралығын толық ашуға ықпал ететінін атап өтеміз. "Әрбір музыка сабағынан шығармашылық қызығушылықтың негізін іздеу қажет және осы талпыныста белсенді және сезімтал болу керек – дейді Ж.В.Ваганова. Сонда музыкалық сабақ ой мен сезімнің, форма мен мазмұнның органикалық унисоны болады.

Сабақта шығарманың музыкалық мазмұнымен жұмыс істеу, білім алушылармен педагогикалық қарым-қатынас процесінде оны жеткізіп беру, пластика қозғалысында, мимикада, сөйлеуде, дауыста, тіпті педагог-музыканттың позасында жүзеге асырылады. Бұл тұста эмпатиялық деп аталатын түсінікке – басқа адамның сезімдері мен көңіл-күйін эмоциялық тұрғыда бірге бастан өткізу қабілеттерін жатқызуға болады. Бұл кезеңде мұғалімнің сезімін символикалық түрде иемденуі және керісінше, білім алушылардың сезімдері мен алаңдаушылықтарының педагогқа берілуі барысында мұғалімнің ішкі жан-күйін терең түсіну мен сезіну орын алады. Әрбір музыкалық шығармаға мұғалімнің образы мен көңіл-күйі, бірге уайымдап алаңдауы мен сезінуі, образды сыртқы жағынан ғана ұғынып емес, шығарманың ішкі мазмұнына еніп «қарау» мүмкіндігі сөз, мимика, пластикалық түрде берілу, ән салу сияқты осындай сәйкестендіру арқылы жүзеге асырылады.

Музыка мұғалімінің педагогикалық техникасын қалыптастыру көп функционалды нысандардың жиынтығын білдіреді. Музыка мұғалімінің педагогикалық техникасын қалыптастыруда вербальдық және невербальдық емес құралдар аса қажет. Қарастырылып отырған проблемаға қатысты ғылыми еңбектерге жасалған талдау негізінде зерттеу **мақсаты** келесідей тұжырымдалды:

Болашақ музыка мұғалімдері үшін қарым-қатынастың вербальдық және невербальдық емес құралдарының рөлі мен оның кәсіби іс-әрекеттегі қажеттілігіне талдау жасау.

Мақсатқа жету үшін келесі **міндеттер** белгіленді:

- жоғары мектептің оқу үрдісінде болашақ музыка мұғалімдерін дайындауда зерттелетін проблеманың қандай күйде екендігін анықтап талдау;
- білім алушылардың музыка сабағында вербальдық және вербальдық емес құралдарды меңгеру деңгейін анықтау;
- студенттерді мектептегі музыка сабағына дайындау мақсатында жасалған әдістемені пайдаланудың тиімділігі мен қажеттілігін анықтау.

Материалдар мен тәсілдер. Қойылған міндеттерді шешу үшін мынадай диагностикалық әдістер қолданылды:

- мектептердегі музыкалық-педагогикалық жұмысты бақылау және талдау;
- музыка мұғалімдерімен, әдіскерлермен, студенттермен сауалнама жүргізу және әңгімелесу;
- зерттелушілермен сауалнама және сұхбат жүргізу.

Қазіргі заманғы психологиялық ғылым сөйлеуді саналы іс-әрекеттің күрделі және ерекше ұйымдастырылған нысаны ретінде қарастырады, оған екі субъект қатысады – сөйлеуді қалыптастыратын субъект және оны қабылдайтын субъект [1].

Сөз өнерінің әлеуметтік маңыздылығы туралы Б.Т.Лихачев былай дейді: "сөз – өзара әрекеттесудегі ең маңызды және қуатты құрал. Педагог мәнерлі сөйлеуді жетік меңгеруі қажет" [2, 108 б.].

С.Л.Рубинштейн өз тарапынан сөйлеуді былайша сипаттайды: "Сөйлеу – бұл қарым-қатынастық іс-әрекет – өзара әрекеттесуді білдіру, хабар – тіл құралы арқылы; сөйлеу – іс-әрекетте тілдесу. Сөйлесу тілмен біртұтас, ал сөйлеудің тілден ерекшелігі белгілі бір іс-әрекеттің – қарым-қатынас пен анықталған мазмұнның бірлігі болып табылады, ол болмысты білдіреді. Дәлірек айтсақ, сөйлеу – бұл басқа адаммен қарым-қатынас құралы болып табылатын сананың (ойлардың, сезімдердің, алаңдаулардың) болу нысаны және шындықтың жалпыланған бейнелеу нысаны немесе ойлаудың болу нысаны" [3, 358 б.].

Музыка мұғалімінің сөйлеу шеберлігіне қатысты Б.В.Асафьевтің пікірінше, музыкалық-орындаушылық сөйлеудің дәлдігіне, сенімділігіне және мәнерлігіне барынша назар аудара отырып, ойлау қабілеттерін жандандырады. Өз кезегінде, педагог-музыканттың орындаушылық іс-әрекеті бай және алуан түрлі ақпараттың, сөйлеу мәдениеті туралы «қордың» жинақталуын, орындаушылық қарым-қатынас мүмкіндіктерінің кеңеюін, сөйлеу мәтінін ауызша түсіндірудің алуан түрлілігін байытуды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ көрермендермен сөйлесудің ерекше түрі музыка арқылы оқушы мен композитор арасында тығыз байланысты білдіреді.

Сөйлеу арқылы қандай да бір нәрсеге баға мен көзқарас білдіріледі, ақпарат беріледі және т.б. Вербальдық қарым-қатынас диалог түрінде қолданылады. Қарым-қатынастағы диалогтың маңыздылығына М.М. Бахтин ерекше мән береді: «Өмір сүру дегеніміз – диалогқа қатысу: сұрап білу, құлақ асу, жауапты болу, келісу және т.б. Бұл диалогта адам барлық және бүкіл өмірімен: көзімен, ерінімен, қолымен, рухымен, бүкіл денесімен, іс-әрекеттерімен қатысады» [4, 318 б.].

«Диалог» ұғымы грек тіліндегі «dialogos» (мұнда «dia» «арқылы», ал «logos» – «сөйлеу» дегенді білдіреді) сөзінен алынған. Психологиялық контексте «диалог» дегеніміз «екі немесе одан да көп адамның өзара сөздерімен кезектесіп алмасып отыруы» [5, 94 б.].

Музыка мұғалімі мен оқушылар арасындағы музыкалық-педагогикалық диалог тек сөз сөйлеу деңгейінде ғана емес, сонымен қатар тілсіз, вербалдық емес деңгейде де өтетінін ескерген жөн.

Вербальдық емес қарым-қатынасқа қатысты зерттеулерде әдетте екі негізгі каналды бөліп көрсетеді: визуалды және паралингвистикалық. Визуалдыққа мимика, жестер, поза және сыртқы келбеттер жатады. Паралингвистикалық сөйлеудің дыбыстық сипаттамасына тонның биіктігі, амплитуда, сөйлеу жылдамдығы, дыбыс сапасы сияқты аспектілер қамтылады.

Көптеген зерттеушілер сөйлеу мен жесттердің тығыз байланысын дәлелдейді. Мысалы, Г.Е. Крейдлин вербальдық және вербальдық емес қарым-қатынас құралдары арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап, мағыналар, сөздер, жесттер және олардың комбинациясы арқылы көрсетілуі мүмкін екенін көрсетеді [6]. Өз тарапынан А.А.Леонтьев қарым-қатынастың вербальдық және вербальдық емес құралдарының тығыз байланыстылығын атап өтті [1], ал С.М. Жақыпов «мағыналық образдар вербальдық және вербальдық емес қарым-қатынас құралдары арқылы да жүзеге асырылуы мүмкін» деп белгілейді [7].

Музыка сабағында мұғалімнің жесттерді қолдануының мәні зор, сонымен қатар мұғалім педагогикалық техникасында практикалық іс-қимылдардың мәнерлі де көрнекі элементтерін жасау тек қол ғана емес, сондай-ақ басты, аяқ қозғалысын, жүріс-тұрысты қолдануда да көрініс табады.

В.Л.Живов [8] ұсынған жесттік артикуляцияның сипаттамасы екі негізгі жесттер жүйесін бөліп көрсетеді. Бірінші жүйе – темп, дыбыстық және басқа да параметрлер туралы ақпарат беру үшін пайдаланылатын «қолдар қозғалысына басшылық» (жесттер). Екінші жүйе мимика, жүріс-тұрыс, дене позасы, арақашықтықты белгілеу сияқты мәнерлі көріністердің түрлі нысандарын қамтиды.

Музыка сабағында және хормен жұмыс жасауда міндетті түрде жесттер қолданылады. Музыка мұғалімі сөзбен жеткізуге қиын жайттарды көрнекі түрде түсіндіру үшін жесттерге жиі жүгінеді. Өйткені ән материалын үйрету процесінде мелодиялық фразаларды көрсету, дыбыс динамикасын және басқа да музыкалық нюанстарды жеткізу үшін жесттерді пайдаланады.

Музыка мұғалімінің вербальдық емес қарым-қатынасын жүзеге асыру көбінесе пластикалық өнермен байланысты. С.И.Ожеговтың сөздігінде "пластика" термині «дененің ырғақтық қозғалыс өнері» деп сипатталған [9, 319 б.]. Өз кезегінде И.Х. Кох орындаушылардың пластикалық мәдениетін тәрбиелеудің теориясы мен әдістемесін дамытуға елеулі үлес қосты. Оның бұл еңбегінде білім алушыларды шығармашылық мамандыққа кәсіби тұрғыда дайындау міндеттері анықталады, әсіресе олардың қозғалыс дағдыларын дамытуға назар аударылды.

Музыка мұғалімі пластикалық мәнерлі құралдардың үш негізгі элементін кеңінен қолданады: жест, поза және мимика. Жест іс-әрекетті көрсетуді ғана емес, эмоцияны білдіруде де маңызды рөл атқарады. Поза эмоционалдық және мағыналық мазмұнды көбінесе білдіреді және жиі шарықтау шегін көрсетеді. Мимика пластикалық бейнелеудің бір бөлігі бола отырып, жест және позамен тікелей байланысты, сонымен қатар барлық пластикалық элементтердің ішіндегі неғұрлым анық көрнекі құралы болып есептелінеді.

Зерттеушілер қарым-қатынастың вербальдық емес құралдары ретінде ең бастысы деп мимикалықты есептейді. Атап айтқанда, А.А.Румнев мимикалық мәнерліліктің маңыздылығын ескере отырып, оны мұғалімнің педагогикалық техникасына жатқызады. Т.В.Юрованың пікірінше, педагогикалық техниканың мимикалық тәсілдері студенттердің көңіл-күйге қарай әрекет ете отырып, өзіндік жеке тұлғалық эмоцияларын білдірмеуге мүмкіндік береді [10, 17 б.].

Музыка мұғалімі үшін көркемдік-коммуникативтік міндеттерді шешудегі мимиканың педагогикалық құндылығын атай отырып, педагогтың оқушыға әсер етуін ұзақ әңгімелесу немесе қандай да бір практикалық әрекеттер арқылы ғана емес, керісінше, мимика және мәнерлі қимылдар арқылы неғұрлым тиімді болу мүмкін екендігін жиі байқауға болады. Мимиканың бұл әсері, егер оны пантомимикамен үйлесімді байланыстырса, яғни музыканың образдық және эмоциональдық мазмұнын түсінуге көмектесетін дене қимылдары пластикамен үйлестірілсе, күшейе түседі. Өзінің мимикасы мен пантомимикасының табиғатын неғұрлым нақты жеткізу үшін мұғалім шығарманың көркемдік әлеміне тереңірек еніп және оның өзіндік көрінісін табуы тиіс.

«Көзбен байланыс» маңызды реттеу функциясын атқарады. И.И.Рыданованың пікірінше, ол түсінбеушілік, ирония немесе айыптау сияқты эмоциялық хәл-жағдайларды көрсетіп, аудиторияның назарын өзіне аудартады. Көз «жанның айнасы» деп айтылуы бекер емес. К.С. Станиславскийдің пайымдауынша: «Көзқарас – бұл таза түрде, жан дүниесінен жан дүниесіне тікелей қарым-қатынас» [11]. Бұл ұғым адамдар арасындағы эмоциялар мен коммуникацияны жеткізудегі көзқарастың орасан рөлін көрсетеді.

Музыканы оқытуда ең нәзік және жиі жасырын аспектілерді жеткізу үшін музыка мұғалімі дауыс пен денені пайдаланудың ерекше дағдыларын меңгеруі керек. Дауыс пен дене максимумды сезімталдық, тіпті ең көрінбейтін эмоциялар мен сезімдерді бірден дәл білдіру қабілетіне бейімделуі тиіс. Әсер – бұл білім алушының рухани әлемінде «атмосфераны» қалыптастыратын күшті әрекет. П.П.Блонский айтқандай, «сабақ жан-тәнімен жүргізілуі тиіс, ал мұғалім өз жүрегіндегісін балалардан жасырмауы тиіс...» [12, 84 б.].

Музыка мұғалімінің пантомимикалық образы – бұл оның позициясы, күлімсіреуі, икемділігі мен жүріс-тұрысының ырғақтылығы, сондай-ақ сұлулығы мен үйлесімділігі арқылы қалыптасатын жеке тұлғаның көрнекі бейнесі. Педагог-музыканттың вербальдық образы рухани деңгейде құрылады және оның сөздік қоры мен әуенділігі, ырғақтылығы мен сөз тіркестері күштерінің арқасында қалыптасады. Әрине, бұл үдерісте музыка мұғалімінің ішкі әлемінің, мәдениеті мен рухани байлығының ерекшеліктеріне үлкен мән беріледі. Бұл тұрғыда С.Л.Соловейчиктің: "Қазіргі мұғалімнің техникалық шеберлігі туралы, оның дауысының қойылғаны, жестісінің машықтанғаны, интонациясының жаттықталғаны туралы көп айтылады. Бірақ одан да маңыздысы... адамгершілік келбеті, қарым-қатынасы және мінез-құлқы" деуінің мәні зор. Жеке тұлғаның жоғары әлеуметтік-адамгершілік және мәдени деңгейі, сондай-ақ педагог-музыканттың бай ішкі әлемі оның бай рухани өмірінің, жоғары зиялылығының және үлкен ішкі күштерінің арқасында қалыптасады. Музыка мұғалімінің актерден айырмашылығы, ол өзін-өзі «ойнайды».

Нәтижелер мен талдау. Алдын-ала зерттеліп отырған проблеманың төңірегінде топтағы 35 студентпен оқу үрдісі кезінде сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша педагогикалық техника және оның вербальдық және вербальдық емес құралдары төңірегінде берілген сұрақтарға студенттердің берген жауаптарынан нақты түсініктерінің жоқтығы байқалды. Мысалы, сауалнамаға қатысқан студенттердің көпшілігінің толық жауап бере алмағандығын байқадық. Тек олардың кейбіреулері ғана (шамамен 17%) аргументтер ретінде: «қарым-қатынасты ұйымдастыру», «музыкалық қызмет түрлерін меңгеру еркіндігі», «материалды баяндау кезінде сөйлеу мәдениеті» және т.б. келтірді.

Сондықтан мектептегі педагогикалық практика кезінде студенттермен вербальдық және вербальдық емес құралдарына қатысты мынадай мәселелер бойынша толық сұхбат жүргізілді:

- Музыка мұғаліміне білім алушылармен қарым-қатынаста қандай құралдар қажет?
- Мұғалім-музыканттың сөйлеу мәдениеті қандай болуы тиіс?
- Педагогтың мимикасы мен жестикуляциясына қойылатын талаптар қандай?

Алынған нәтижелерді талдау барысында жауаптардың алшақтығы байқалды. Атап айтқанда, бірінші сұрақ бойынша берілген жауаптар: темперамент, сөйлеу, қарым-қатынасты орнату үшін интеллект. Екінші сұрақ бойынша объективті және нақты жауаптар алынбады, себебі студенттердің көпшілігі (70%) мұғалім-музыканттың сөйлеу сөзіне қандай талаптардың қойылатынын білмеді. Тек кейбір студенттер ғана (15%) сөйлеу мәдениетінің эмоциональдығын, бейнелілігін, айқындылығын, қисындылығын атап өтті. Үшінші сұрақ қиындық туғызды. Сауалнамаға қатысушылардың кейбіреулері ғана (12%) «мәнерлілік», «бұлшық ет еркіндігі», «эмоциональдық», «іс-әрекеттер өртістігі» және т.б. деген жауаптар берді.

Сонымен қатар студенттер бейне таспаға жазып алынған жаңашыл музыка мұғалімдерінің сабақтарын көріп, талқылауларын жазба түрінде орындады. Яғни жиі кездесіп отыратын әртүрлі жағдайдағы ситуацияларға қарап мамандар вербальдық және вербальдық емес құралдарды (мәнерлілік, эмоциональды-образды сөйлеу, жесттер, мимика) студенттермен оқу үрдісінде қалай қолданып жүргендері жайлы жазды.

Алынған нәтижелерден байқағанымыз, студенттердің көбісі тапсырманы орындай алмады, себебі олар бұндай тапсырмаларға негізінен дайын емес екендігін танытты. Яғни материал мен анықтамаларға қатысты өз ойларын жеткізуде олар қиындықтарды сезінді. Дегенмен де бұл тақырыптарға студенттер өз тараптарынан қызығушылықтарын танытқанын байқадық.

Сонымен бастапқы кезеңде студенттердің білімдерін тексерген кезімізде топ деңгейлері бойынша байқағанымыз: жоғары топ – 3 (8,6%); орта топ – 18 (51,4%); төменгі топ – 14 (40%).

Осыдан соң негізгі зерттелетін тақырыпқа байланысты білімді жүйелеу мақсатында семинар ұйымдастырылды, семинарды бастама бұрын тағы да жоғарыда келтірілген теориялық мағлұматтармен студенттерді таныстырып, пысықтадық.

Семинарда студент **А.** «Қарым-қатынастың вербальдық емес құралдары» атты тақырыпта баяндама дайындап оқыды. Баяндаманы талқылау барысында студенттерге төменгідей сұрақтар қойылды:

«Вербальдық емес қарым-қатынастың негізгі топтарын белгілеңіз және олардың әрқайсысының мазмұнын негіздеңіз», «Әрбір топқа жатқызылатын бөлімшені сипаттаңыз». Сонымен қатар талқылау барысында келесі теориялық ұғымдар студенттерге таныстырылды: Вербальдық емес қарым-қатынас топтарына жататындар: экспрессивті-мәнерлі қозғалысты қамтитын – «кинесика», «экстралингвистика» – көрнекі байланыс, «такесика» –

тактильді байланыс, «проксемика» – кеңістіктегі бағдарлау. Бірінші топқа жататындар: поза, жесттер, мимика, көзқарас, қозғалыс бағыты; екінші топқа – интонация, үзіліс, тыныс алу, күлкі, жылау; үшінші топқа сүйісу, шапалақ, сипау және т.б. кіреді; соңғы топқа қашықтық жатқызылады.

Бұдан әрі музыка сабағы барысында студенттердің жүргізген сабақтары кезінде олардың мінез-құлықтарында байқалған вербальдық емес құралдарға талдау жасау үшін аннотация жазу тапсырылды, бұл әдісті пайдалану көпшілікке педагогикалық техниканы меңгеруде қателіктерге жол бермеуге мүмкіндік берді. Атап айтқанда, студент С. сабақты дайындау кезінде ол осы сәтте өзінің өн бойында қандай мимикасының болатынын, дене корпусының жағдайы қандай болатынын, түсіндіруді қандай дауыспен айтатынын ойланбай, тек жестке өзі де және білім алушылардың көңіл аударғанын атап өтті.

Осыдан соң студенттерден бұрынғы қойылған сұрақтарды, сұхбаттарды қайталап сұрадық. Студенттердің көп материалдарды меңгеріп, өз ойларын жеткізуде қиналмай жауап бергендері байқалды. Сонымен қатар студенттер практика кезінде вербальдық және вербальдық емес құралдарды еркін пайдалана білді және басқа студенттердің жіберген кемшіліктерін дер кезінде байқап, жөндеп отырды. Демек, осындай жүргізілген жұмыстардан кейін нәтижелер табысқа жетті деп айтуға болады (Кесте 1).

1 кесте – Экспериментке қатысқан студенттердің вербальдық және вербальдық емес құралдарды пайдалануларының салыстырмалы кестесі

Кезеңдер	Деңгейлер (%)		
	Жоғары	Орта	Төменгі
Бастапқы кезең	3 (8,6%)	18 (51,4%)	14 (40%)
Кейінгі кезең	9 (25%)	17 (50%)	9 (6%)

Кестеден байқағанымыздай, төменгі деңгей 5%-ке азайған, жоғары деңгей 6%-ке артқан.

Қорытынды. Сонымен, сөйлеу және сөйлеу іс-әрекеті туралы жоғарыда айтылғандарды қорыта отырып, ауызша сөйлеу қарым-қатынас түрі, бір жағынан, іс-әрекеттің барлық түрлеріне қызмет етеді, ал екінші жағынан – өзбетінше іс-әрекет ретінде орындалады деген қорытынды жасауға болады.

Г.В.Селихованың түсіндірмесі бойынша, сөйлеу іс-әрекеті қарым-қатынастағы танымдық қажеттілікке жауап береді, қарым-қатынасты жүзеге асыра және ойды сақтай отырып, ондағы мақсатты анықтайды. Өз тарапымыздан музыкалық-педагогикалық теория мен практика үшін сөйлеу іс-әрекетінің көзқарасты қалыптастыруға, танымдық қызығушылықтар мен қажеттіліктерді дамытуға ықпал ететін эмоциялардың маңызды рөл атқаратынын атап өтеміз.

Музыка мұғалімінің вербальдық (ауызша сөз) пен вербальдық емес мінез-құлығындағы мәнерлі аспектілер педагогикалық және музыкалық идеяларды жеткізуде, сондай-ақ оқушыларға ықпал етуде маңызды құрал болып табылады. Бұл элементтер сабақтар мен жалпы музыканы тереңірек және эмоционалды қабылдауға ықпал ете отырып, педагогикалық процеске қажетті құрал болатыны сөзсіз. Олардың мүмкіндіктері іс жүзінде шексіз, бірақ ол үшін мамандарды еркін жесті, мәнерлі мимиканы, қозғалыстың икемділігі мен ырғақтылығын, сөйлеу шеберлігін және т.б. қамтитын яғни осы басқару құралдарына шығармашылық көзқараспен қаруландыру қажет.

Сонымен музыка мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетіндегі вербальдық және вербальдық емес қарым-қатынас құралдарының мәні мен мазмұнын теориялық талдау логикалық қорытынды жасауға мүмкіндік береді: бұл құралдар кәсіби-маңызы бар педагогикалық дағдылардың кешенін ұсына отырып, оқушылардың аудиториясына көркемдік тұрғыда әсер етуге ықпал ететін эмоционалдық-әртістік, сөйлеу және пластикалық әрекеттерді қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Леонтьев, А.А. Деятельный ум (Деятельность. Знак. Личность) [Мәтін] / А.А. Леонтьев. Москва: Смысл, 2001. – 392 с.
2. Лихачев, Б.Т. Эстетика воспитания [Мәтін] / Б.Т. Лихачев. – Москва: Педагогика, 1972. – 160 с.
3. Рубинштейн, С.Л. Основы общей психологии [Мәтін] / С.Л. Рубинштейн. – СПб.: Питер, 2001. – 720 с.
4. Бахтин, М.М. Эстетика словесного творчества [Мәтін] / М.М. Бахтин. – Москва: Искусство, 1979. – 384 с.
5. Зинченко, В.П., Мещерков, Б.Г. Большой психологический словарь [Мәтін] / В.П. Зинченко, Б.Г. Мещерков. – Санкт Петербург: прайм-ЕВРОЗНАК, 2014. – 672 с.
6. Крейдлин, Г.Е. Кинесика [Мәтін] / С.А. Григорьева, Н.В. Григорьев, Г.Е. Крейдлин // Словарь языка русских жестов. – Москва – Вена: Языки русской культуры; Венский лингвистический альманах, 2001. – С.166-248.
7. Джакупов, С.М. Психологическая структура процесса обучения [Мәтін] / С.М. Джакупов. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2004. – 312 с.
8. Живов, В.Л. Хоровое исполнительство: Теория. Методика. Практика [Мәтін] / В.Л. Живов. – Москва: Владос, 2005. – 266 с.
9. Ожегов, С.И. Толковый словарь русского языка: 80000 слов и фразеологических выражений [Мәтін] / С.И. Ожегов, Н.Ю. Шведова. – Москва: Азбуковник, 1998. – 4-е изд., доп. – 943 с.
10. Юрова, Т.В. Формирование умений невербального общения студентов вуза [Мәтін]: дис... канд. пед. наук / Т.В. Юрова. – Калининград, 2002. – 125 с.
11. Станиславский, К.С. Работа актёра над собой. Собр. соч. в 9 т. [Мәтін] / К.С. Станиславский. – Москва: Искусство, 1989. – 509 с.
12. Блонский, П.П. Память и мышление [Мәтін] / П.П.Блонский. – СПб.: Питер, 2001. – 288 с.

REFERENCES:

- 1 **Leontev A.A. Deyatelnyj um (Deyatelnost. Znak. Lichnost)** [Active mind (Activity. Sign. Personality)]. Moscow, Smy'sl, 2001, 392 p. (In Russian).
- 2 **Lihachev B.T. E'stetika vospitaniya** [Aesthetics of education]. Moscow, Pedagogika, 1972, 160 p. (In Russian).
- 3 **Rubinshtejn S.L. Osnovy obshej psihologii** [Fundamentals of general psychology]. Saint Petersburg, Piter, 2001, 720 p. (In Russian).
- 4 **Bahtin M.M. Estetika slovesnogo tvorchestva** [Aesthetics of verbal creativity]. Moscow, Iskusstvo, 1979, 384 p. (In Russian).
- 5 **Zinchenko V.P., Mesherkov B.G. Bolshoj psihologicheskij slovar** [Large psychological dictionary]. Saint Petersburg, praim-EVROZNAK, 2014, 672 p. (In Russian).
- 6 **Krejdlin G.E. Kinesika [Kinesics]**. Slovar yazyka russkih zhestov. Moscow – Vena, Yazyki russkoj kul'tury'; Venskij lingvisticheskij al'manah, 2001, pp.166-248. (In Russian).
- 7 **Dzhakupov S.M. Psihologicheskaya struktura processa obucheniya** [Psychological structure of the learning process]. Almaty, KazNPU im. Abaya, 2004, 312 p. (In Russian).
- 8 **Zhivov V.L. Horovoe ispolnitel'stvo: Teoriya. Metodika. Praktika** [Choral performance: Theory. Methods. Practice]. Moscow, Vlados, 2005, 266 p. (In Russian).
- 9 **Ozhegov S.I. Tolkovij slovar russkogo yazyka: 80000 slov i frazeologicheskij vyrazhenij** [Explanatory dictionary of the Russian language: 80,000 words and phraseological expressions]. Moscow, Azbukovnik, 1998, 943 p. (In Russian).
- 10 **Yurova T.V. Formirovanie umenij neverbalnogo obsheniya studentov vuza** [Formation of non-verbal communication skills of university students]. Kaliningrad, 2002, 125 p. (In Russian).
- 11 **Stanislavskij K.S. Rabota aktyora nad soboj. Sobr. soch. v 9 t.** [Actor's self-cultivation. Collected works in 9 volumes]. Moscow, Iskusstvo, 1989, 509 p. (In Russian).
- 12 **Blonskij P.P. Pamyat i myshlenie** [Memory and thinking]. Saint Petersburg, Piter, 2001, 288 p. (In Russian).

Авторлар туралы мәліметтер:

Ахметова Аймкүл Қадірбайқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Музыка, кәсіптік оқыту және дизайн кафедрасының профессоры, Орталық Азия Инновациялық университеті, Қазақстан Республикасы, 160023, Шымкент қ., Быковский көш., 54, тел.: +7-705-153-94-33, e-mail: Aimkul_Akhmetova@mail.ru.

Нарикбаева Лора Мақсұтқызы – педагогика ғылымдарының докторы, Музыкалық білім және хореография кафедрасының профессоры, Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы, 050059, Алматы қ., Самал-2 көш., 2-А, тел.: +7-701-314-83-64, e-mail: Lora_mn05@mail.ru.

Жақаева Салтанат Әнуарбекқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Өнер кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., Бородина көш., 80/1, тел.: +7-775-822-50-78, e-mail: s_zhakaeva63@mail.ru.*

Айсина Сұлушаш Теміртайқызы – педагогика магистрі, Өнер кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қ., Тәуелсіздік көш., 118, тел.: +7-777-279-35-97, e-mail: sulu_aisina@mail.ru.

Ахметова Аймкүл Кадирбаевна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры Музыка, профобучение и дизайн, Центрально-Азиатский Инновационный университет, Республика Казахстан, 160023, г. Шымкент, ул. Быковского, 54, тел.: +7-705-153-94-33, e-mail: Aimkul_Akhmetova@mail.ru.

Нарикбаева Лора Максудовна – доктор педагогических наук, профессор кафедры Музыкальное образование и хореография, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика Казахстан, 050059, г. Алматы, ул. Самал-2, 2А, тел.: +7-701-314-83-64, e-mail: Lora_mn05@mail.ru.

Жақаева Салтанат Ануарбековна – кандидат педагогических наук, ассоциированный профессор кафедры искусств, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Бородина, 80/1, тел.: +7-775-822-50-78, e-mail: s_zhakaeva63@mail.ru.*

Айсина Сулушаш Темиртаевна – магистр педагогики, старший преподаватель кафедры искусств, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, Республика Казахстан, 110000, г. Костанай, ул. Тәуелсіздік, 105, тел.: +7-777-279-35-97, e-mail: sulu_aisina@mail.ru.

Akhmetova Aimkul Kadirbayevna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of music, vocational training and design, Central Asian Innovation University, Republic of Kazakhstan, 160023, Shymkent, 54 Bykovskiy Str., tel.: +7-705-153-94-33, e-mail: Aimkul_Akhmetova@mail.ru.

Narikbayeva Laura Maksudovna – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor of the Department of musical education and choreography, Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, 050059, Almaty, 2-A Samal-2 Str., tel.: +7-701-314-83-64, e-mail: Lora_mn05@mail.ru.

Zhakayeva Saltanat Anuarbekovna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of arts, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 80/1 Borodin Str., tel.: +7-775-822-50-78, e-mail: s_zhakaeva63@mail.ru.*

Aissina Sulushash Temirtayevna – Master of Pedagogy, Senior Lecturer of the Department of arts, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, 110000, Kostanay, 118 Tauelsizdik Str., tel.: +7-777-279-35-97, e-mail: sulu_aisina@mail.ru.